



Ұшқыш болсам егер мен

Ұшқыш болсам егер мен,
Кезсем көкті – кең әлем.
Еңбек десе - өлермен,
Нағыз өжет болар ем!
Ұшқыш болсам егер мен
Талмас қанат тек қана.
Қызық көріп ел – елден
Аралар ем көп қала!

Өскенде кім болам?

Біз мұғалім ұстазбыз,
Игі істерге құмтармыз
Білім беріп шәкіртке
Шақырамыз тәртіпке

Біз дәрігер, дәрігер,
Ауруды емдеп, жазамыз
Науұас келсе әбігер
Боламызда қаламыз

Біздер малшы, егінші
Шаруақор боламыз
Ертең қолдар ел іші
Нағыз фермер боламыз





Дәрігер болсам мен егер...

Емдеймін бала ауруын-
Пайдасы аз ба ал мұның?
Арманға да барамын,
Арланға да барамын.
«Саламат па, бауырлар,
Қайсың кәне ауырған?»

Іс қалай?
Іш қалай?»
Көз әйнекпен талайдың
Тілін де мен қараймын.
Жазылып жылдам шығасың,
Тыңайып, құлан ұрасың».



Мен де шофер боламын

Тоқтамайтын – көші ылғи,
Автобус бір көшпелі үй.
Терезесі жап – жарық,
Күтті. Келді. Ел қарық.

Мейлі аяз,
Мейлі жел
Тоқтамайды, зулайды ол.
Жеткізеді,
Жөнейді.
Күтіп оны тұрамайды ел.



Суретші

Салдым сурет тауымды
Қойнаудағы ауылды
Көктен бұлтты қаптатып
Тамшылаттым жауынды

Теріп дала гүлдерін
Мынау-менің жүрегім
Салар едім табиғат
Дала әсем келбетін



Құрылысшы

Қолда темір қалағым
Саздан сарай саламын
Алматыдан аумайтын
Әсем қала саламын